

**№ 40 жалпы білім беретін орта мектебі**  
**Тақырыбы: “Баланың басты ұстазы-ата-ана” атты кездесудің**  
**хаттамасы**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Өткізілген орны:** Кітапхана оқу залы

**Қатысушылар:** 1-11 класс ата-аналары

**Өткізілген күні:** 4.10.2023ж.

**Ұйымдастырушылар:** мектеп психологі Баймишева А.М. педагог Жакишова Г.Н.

**Семинар мақсаты:** Қазіргі заманның ағымына байланысты отбасы құндылықтарын қалыптастыру. Әке мен ананың тәрбиедегі алатын орны маңыздылығы туралы айтып өту, нашақорлықтың алдын алу, буллинг құрбаны болмау жолын қарастыру, ойынқұмарлықтан сақтандыру, ата-аналармен ашық түрде пікір алмасу.

**Кездесу барысында спикерлер келесідей тақырыптарда сөз алды:**

1.Идирисова Орынай Бижанқызы, Ақтөбе облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) жанындағы аналар кеңесінің мүшесі, педагог-зерттеуші «Бар бақытын баласынан іздеген...»

2.Череватая Лариса Николаевна, Ақтөбе облыстық ҚХА жанындағы аналар кеңесінің мүшесі “Балаларда достық және жолдастық қатынасты тәрбиелеу”;

3.Утегенова Майра Сальмановна “Ана үйі” қоғамдық қорының координаторы “Отбасы ошағының жылуы”;

4.Сергалина Рауза Сатымовна, Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесі жұмысының координаторы «Нашақорлықтың алдын алу, буллинг, ойынқұмарлықтан сақтандыру»

**Қорытынды:** Қатысушылар сабаққа үлкен қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты және алғыстарын білдірді. Кері байланыс жасалды. Сұрақтар қойып, мамандардан қажетті жауап алды.



**Мектептегі психологиялық қызмет**

## “Баланың басты ұстазы-ата-ана” тақырыбындағы мектепшілік семинар бағдарламасы

**Өтетін орны:** № 40 жалпы білім беретін орта мектебі. Кітапхана оқу залы.

**Қатысушылар:** 1-11-класс ата-аналары

**Өтетін күні:** 14.10.2023ж.

**Жауапты:** Баймишева А.М. Жакишова Г.Н.

**Семинар мақсаты:** Қазіргі заманның ағымына байланысты отбасы құндылықтарын қалыптастыру. Әке мен ананың тәрбиедегі алатын орны маңыздылығы туралы айтып өту, нашакорлықтың алдын алу, буллинг құрбаны болмау жолын қарастыру, ойынқұмарлықтан сақтандыру, ата-аналармен ашық түрде пікір алмасу.

**Кездесу барысында спикерлер келесідей тақырыптарда сөз алды:**

**1.Идирисова Орынай Бижанқызы, Ақтөбе облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) жанындағы аналар кеңесінің мүшесі, педагог-зерттеуші «Бар бақытын баласынан іздеген...»**

**БАР БАҚЫТЫН БАЛАСЫНАН ІЗДЕГЕН...**

Қипақтайды қит етсе анаң, әкең,  
Қайтсем ғана осыны адам етем,  
Басқалардың осындай балалары,  
Тап осындай жаңғалақ шала ма екен  
Ойым емес, оллаһи, біздікінің...  
Енжарлығы елде жоқ алабөтен  
Туа сала тұлпардың жалын тартқан;  
Қырғиларға қызығып қарап өтем.  
Жарық сыйлап маңына жылу сыйлап,  
Бұ да бір күн алаудай жана ма екен?  
Ел қатарлы елеулі еңбек етсе - ау  
Болмаса да топ жарған дара бөтен.  
Мүше тістеп мықтылар той жасаса,  
Жерге қарап мен сорлы қалар ма екем?  
Үміт пен күдіктің ортасында  
Ата - ананың үміті талады екен!

### **X-Y-Z ұрпақтар теориясы**

X ұрпақтары «икс» - 1963 жылдан 1983 жылға дейін туған адамдар. Олардың ерекшеліктері - өзіне ғана сенім арта алады, балама ойлайды, әлемде болып жатқан нәрселер туралы хабардар болады, таңдау жасауға және өзін өзгертуге дайын адамдар. Олардың жұмыстары қиын және жетістікке өзі жетуді мақсат етеді. Олар ұзақ жылдар бойы бір салада қызмет атқарып, бірте-бірте мансап жолында биік дережеге жетеді.

Y ұрпақтары «игрек» - 1983 жылдан 2000 жылға дейінгі аралықта туған адамдар. Олардың мақсатқа жету мен жетістік туралы түсінігі өзгеше: кей жағдайда кәсіби өсуін төменгі деңгейден бастауды ұнатпайды. Олар дереу өсуді мақсат етеді және бұл олардың бір кемшілігі. Бұл санаттағы адамдар бірден бірнеше сала бойынша жұмыс атқарып, барынша кеп ақпарат білуге және кәсібилікке ұмтылады. Олар үшін тек бір салада қызмет істеу мүмкін емес. Y ұрпақтары - қазіргі заманғы бизнестің үміті. Олар техникалық жағынан ең сауатты және жұмыс уақытынан тыс уақытта да жұмыс істеуге деген ұмтылысымен, білімге деген ынтасымен де ерекшеленді. Кейбір сарапшылардың айтуынша, келесі онжылдықта Y ұрпақтары негізгі жұмыс күшіне айналады.

Z ұрпағы «зет» - 2000 жылдан кейін туған, технологияның тілін меңгерген бүгінгінің жастары. Бұл адамдардың есейгенде қандай тұлға болатынын кәсібилік тұрғысынан бағалауға әлі ерте яғни болашақта қандай болатыны әлі белгісіз – ұрпақ жаңа қалыптасуда. Бірақ қазір олар ерекше деп саналады. Индиго балалар. Ерекше дарынды, ерекше философия мен дүниетаныма ие, қолында гаджеттермен туылған балалар. Алайда оларды нағыз "цифрлы балалар" деп атауға болады. Олар біздің елдің экономикалық қалпына келуін қамтамасыз етуі керек. Ұраны: «Мені тыңда, түсін, менімен сөйлес, мені бағала».

#### СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Альфа балалар білім мен тұрмыс, демалысқа қатысты жаңа технологиялық революцияны бастан кешеді. Жаңа ұрпақ ерте бастан табыс табуды бастайды. Тіпті жасөспірім шақта өз-өзін қамтамасыз етуге мүмкіндігі болады. Цифрлық сауаттылығы ең жоғары деңгейде болады. Альфа ұрпақ жұмысын жиі ауыстырып отырады. Альфа грек алфавитінің бірінші әріпі. Соған сай альфа ұрпақ жаңа әлем құрып, экология мен ұлттық құндылықтарға дейін толықтай өзгертуі мүмкін.

#### БЕС АНЫҚ-ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Бірінші анық- Тіл

Екінші анық-Дін

Үшінші анық- Дәстүр

Төртінші анық-Тарих

Бесінші анық-Атамекен.

#### ТҮЙІН СӨЗ: «БАҚЫТЫҢДЫ БАЛАҢНАН ІЗДЕ....»

**2.Череватая Лариса Николаевна, Ақтөбе облыстық ҚХА жанындағы аналар кеңесінің мүшесі “Балаларда достық және жолдастық қатынасты тәрбиелеу”;**

**3.Утегенова Майра Сальмановна “Ана үйі” қоғамдық қорының координаторы “Отбасы ошағының жылуы”;**

**2 маман ата-ана мен бала қарым-қатынасына қажетті кеңестер берді.**

**4.Сергалина Рауза Сатымовна, Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесі жұмысының координаторы «Нашақорлықтың алдын алу, буллинг, ойынқұмарлықтан сақтандыру»**

Варе индустриясының арсеналы

Корпус, резервуарлар, мундштуктар, атомизатор (орам және фитиль), ауа ағынын басқару, батареялар, ІС, сенсорлар, жарық диодтары, зарядтау порттары және құралдар.

Варе индустриясының арсеналдары

Түстер, Эстетика, Экзотикалық атаулар, Агрессивті жылжыту, Мыңдаған дәмдер (8000), Ерекше жарнама

Вейп құрамы

никотин

•полипропиленгликоль

•глицерин

• Е дәрумені ацетаты

• хош иістендіргіштер (тәттілендіргіштер, консерванттар)

•2000-нан астам! химиялық заттар  
ауыр металдар (марганец, мырыш), бензол, акролеин, формальдегид, ұшпа органикалық қосылыстар, пропилен оксиді, сондай-ақ PM10 және PM2.5 бөлшектері

Денсаулыққа әсері

Темекі шегушілер мен темекі шегетіндердің ДНҚ зақымдану деңгейі темекі шекпейтіндерге қарағанда 2,6 және 2,2 есе жоғары.

Ауыз жарақаты

Зақым:

жүрек-тамыр жүйесі,  
асқазан-ішек жолдары,  
эректильді дисфункция, тестостерон деңгейін 50% төмендетеді  
бедеулік

ДДҰ, 2021 жылдың мамыры: Бұл өнімдерді пайдаланатын балалардың болашақта темекі өнімдерін пайдалану ықтималдығы үш есе жоғары.

ТАСЫМАЛДАУҒА ТОЛЫҚ ТЫЙЫМ САЛУ

(импорт, сату, импорт және экспорт)

Дания, Норвегия, Уругвай, Аргентина, Панама, Бразилия, Мексика, Канада, Таиланд, Үндістан, Гонконг, Сингапур, Малайзия, Филиппин, Ливан, Катар, Оман, Иордания сияқты 33 ел ESP/vapes сатуға дереу тыйым салды.

-Кофеиннің артық дозалануы және оның салдары

-Артериялық ауру қаупінің жоғарылауы  
гипертония және қант диабеті Ересектердегі 2 тип  
- Жүкті әйелдер үшін және ұрықтың дамуына қауіпті

Жасөспірімдердің психикалық денсаулығы және ЭН

22% EN тұтыну олардың алкогольді тұтынуына әсер етті

7% ішімдік ішуге деген ықыласы артқан

Кәріс жастарынан вейб- сауалнама:

- депрессиялық көңіл-күй  
-ұйқысыздық  
- өте күшті стресс  
- суцид туралы ойлар

Литва

- 18 жасқа толмағандарға арналған энергетикалық сусындарға тыйым салу (2014)

- Энергетикалық сусындардың маркетингін және жарнамасын шектеу.

Латвия

- 18 жасқа толмаған адамдарға энергетикалық сусындарға тыйым салуды жүзеге асыру (2016 ж.)

- Энергетикалық сусындардың маркетингін және жарнамасын шектеу

Ұлыбритания

- литріне 150 мг-нан астам кофеин бар сусындарға тыйым салуды қарастыру.

- Кейбір ірі супермаркеттер 16 жасқа толмаған балаларға сатуға тыйым салып қойған

Норвегия

Литрінде 150 мг-нан астам кофеин бар сусындарға тыйым салуды қарастыру

## Швеция

- Дәріханалардың кейбір энергетикалық сусындарды сатуын шектеу
- 15 жасқа толмаған балаларға сатуға тыйым салу

**Буллинг** дегеніміз- әлсіз баланы қорқыту, ұрып-соғу, бопсалау т.б.

Әлімжеттікте үш түрлі қатысушы адам болады:

-Жәбір көруші,

-Әлімжеттік көрсетуші,

-Куәгер.

Кибербуллинг немесе киберқорқыту – бұл компьютерлерді, ұялы телефондарды, смартфондарды немесе кез-келген басқа технологияларды өзге адамның жанын ауырту немесе оны ұялту мақсатында әлденеше рет қолдану. Қорқыту енді мектеп ауласымен шектелмейді. Телефон арқылы немесе онлайн мұғалімдер мен ата-аналардың көзінен тыс қорқытуға да болады.

### **Егер буллинктің құрбаны болса не істеу керек?**

Ешқашан біреуден қысым көріп жүргеніңді жасырма. Көмек сұра: психологтан, ата-анаңнан мұғалімнен. Өзіңді ешқашан кіналама. Әлімжеттік жасаған адамды ақтама!

Өзің басқаларға әлімжеттік көрсетуші болсаң не білуің керек? Кейбір нәрселер сен үшін қызық,күлкілі болып көрінуі мүмкін бірақ ол әрекеттерің басқа адамның жан дүниесіне ауыр тиюі мүмкін.Әлімжеттік сенің болмысың емес,ол сенің теріс қылықтарың екенін түсін. Әлімжеттік үшін заң алдында жауаптылық бар екенін ұмытпа!

Диалогтік алаң кезінде ата-аналар тақырып аясында өзара пікір алмасты. Іс-шара өз мақсатына жетті.